



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

### 2019 жылғы 6 қыркүйек – 13 қыркүйек аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу<sup>1</sup>

2019 жылғы 16 қыркүйек

13 қыркүйектегі сауда-саттық қорытындылары бойынша теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,3%-ға нығайып (387,82-ден), бір АҚШ доллары үшін 386,71 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2019 жылғы 6 қыркүйек-13 қыркүйек аралығындағы кезеңде 1 қазанға жоспарланған құны \$250 млрд Қытай тауарларына баждарды 25%-дан 30%-ға дейін көтеруді 2 аптаға кейінге қалдыру туралы АҚШ-тың шешімі, 1 қарашадан бастап айына 20 млрд. еуродан активтер сатып алу бағдарламасын қайта жаңғырту туралы хабарлаған ЕОБ-нің отырысы, оның қорытындысы бойынша реттеуші депозиттер бойынша пайыздық мөлшерлемені минус 0,5%-ға дейін төмендеткен, тамызда АҚШ-ғы бөлшек сауда бойынша позитивті статистиканы жария ету болды.

Аталған факторлар дамыған елдер валютасымен салыстырғанда АҚШ доллары бағамының әлсіреуіне әкелді.

Дамушы елдердің валюталарының<sup>1</sup> АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні былайша қалыптасты:

- **Ресей рублі** мұнай бағасының бір баррель үшін \$60 деңгейінде тұрақтануы, инвесторлардың тәуекел-сентиментінің жақсаруы және реттеуші басшысының РФ ОБ тарапынан шамадан тыс жеңіл ақша-кредит саясатын күту қажет еместігі жөніндегі сөзбен жүргізген өктемдіктері аясында 2,1%-ға (65,78-ден 64,38-ге дейін) нығайды;

- **Оңтүстік Африка ранды** инвесторлардың тәуекел дәрежесінің жаһандық өсуі, Moody's рейтингтік агенттігінің қысқа мерзімді болашақта елдің кредиттік рейтингісі инвестициялықтан төмен төмендеуі күмәнді екендігі туралы түсініктемелерінің аясында 1,6%-ға (14,81-ден 14,58-ге дейін) нығайды;

- **үнді рупиясы** АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда-саттық қатынастардағы шиеленістің салыстырмалы төмендеуі және капиталдың әкелінуі аясында 1,1%-ға (71,73-тен 70,93-ке дейін) нығайды. Статистика министрлігі реттеушінің 4%-дық нысаналы деңгейден төмен тамызда 3,21% деңгейдегі инфляция бойынша деректерді жариялады, ол инвесторлардың қазанда негізгі мөлшерлеменің төмендеуі туралы күтулерін қолдады;

- **Индонезия рупиясы** АҚШ пен ҚХР-дың өзара жол берулері аясында 1%-ға (14 101-ден 13 967-ге дейін) нығайды. Үкімет өкілі экономиканың әлемдік өсуінің баяулауы және

---

<sup>1</sup> АҚШ долларына қатысты көлемдер тұрғысынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

жаһандық нарықта төмен мөлшерлемелер саясатының кеңінен қолданылуына байланысты жергілікті МБҚ нарығында раллидің кеңеюін күтулер туралы мәлімдеді;



- **Мексика песосы** жаһандық тәуекел-сентиментінің жақсаруы, ЕОБ-нің депозиттік мөлшерлемені төмендету туралы шешімі, сондай-ақ шілдеде талдаушылардың күтулерінен үш есе асатын өнеркәсіптік өндірістің 3%-ға ж/ж өсуі туралы деректердің шығуы аясында 0,6%-ға (19,53-тен 19,41-ге дейін) нығайды;

- **түрік лирасы** 0,4%-ға (5,71-ден 5,69-ға дейін) нығайды. Түркия банкі инфляцияның баяулауы аясында негізгі мөлшерлемені 16,5%-ға (-3,25 п.т.) дейін төмендетті;

- **Бразилия реалы** экономикалық белсенділіктің маңызды индикаторына сәйкес екі ай оң өсуден кейін шілдеде экономиканың қысқаруы туралы деректердің шығуы аясында 0,7%-ға (4,06-дан 4,09-ға дейін) әлсіреді.



**Дамушы елдер валюталарының серпіні (2019 жылғы 30 тамыз = 100, индекстің өсуі – валютаның нығаюы)**



Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:  
 +7 (727) 2704 591 (1452, 5556)  
 e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)  
[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)